

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫң ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№255 (9317) 1953 жылғы 29 декабрь Сейсенбі Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйы

МТС партия ұйымы

Біз бүгін еліміздегі сыяқты облыс көздерінде ауыл шаруашылығын шүр-өркендету жолындағы күрес барған сайын қыза түсуде. Бұл игілікті істе машина-трактор станциялары шешуші роль атқарады. Өйткені МТС колхоз құрылысының индустриялық материалдық-техникалық базасы болып табылады.

«Машина-трактор станцияларының негізгі міндеті,— деген СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында,— колхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттырып отыру, қоғамдық мал санының өсуін, сонымен қатар, оның өнімділігі артуын қамтамасыз ету, қамтуындағы колхоздарда егіншілік кәсібі мен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін молайтып отыру болып белгіленген. МТС-тер егіншілікте жұмыстардың механикаландырылуын аяқтауға тиіс, мал шаруашылығында, картоп пен овощ өндіруде еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісін кеңінен өрістетуге, ғылымның және озат техниканың табыстарын колхоз өндірісінде қолдануға, колхоздардың ұйымдастыру-шаруашылық жағынан онан сайын нығая беруін және осының негізінде колхозшылардың материалдық әл-ауқатын арттыруын қамтамасыз етуге тиіс».

МТС-тердің алдында тұрған күрделі міндеттердің ойдағыдай орындалуы оған партия басшылығына тікелей байланысты. МТС-тердің бастауын партия ұйымдары партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстың бүкіл ұжым-дан станцияның алдында тұрған күрделі міндеттерді орындау, егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін арттыра беру, колхоз өндірісінде еңбекті көп керек ететін жұмыстарын механикаландыру, отандық техниканы тиімді пайдалану мақсатына бағыттаулары қажет.

Облысымызда станцияның шаруашылық жұмысына басшылық жасауда бай тәжірибелерге ие болған МТС партия ұйымдары жоқ емес. Мысалы, біыл Шағлы МТС-і қамтуындағы колхоздармен жасасқан шартты ойдағыдай орындады. Ол егіншілік пен мал шаруашылығында жұмыстың 70 түрін атқарды. Бірқатар мал фермаларында малды суару, жемшөпті әзірлеу беру жұмыстары механикаландырылды. Бұл табыс — ең алдымен партия ұйымының механизатор кадрлары ара-

ның басқа жұмыстан босатылған секретары болмай келді. Мұның өзі МТС механикаторлары арасында партиялық-саяси жұмысты кеңінен өрістетуге ісіне белгілі әсерін тигізбей қойған жоқ. МТС жөндеу мастерскойында еңгіме өткізген үгітшілерді немесе социалистік жарыстың барысын баяндайтын көрсеткіш тақталары мен жауынгерлік листоктарды іздеп табу қиын.

Сонғы кезде Налобин МТС-де Соколов аудандық партия комитетінің секретарьлары Брикунов, Дараган жолдастар өздері болып, станциядағы жағдайды көздерімен көрді. Бірақ, не пайда, олар барлық жұмысты МТС директоры Андрущенко жолдасына партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде кеңес беруді ескермеді. Мұндай фактілерге төзуге болмайды.

Партия мен үкмет МТС-тердің материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде зор қамқорлық жасауда. Станциялардың басшы қызметкерлері ауыл шаруашылығы мамандарының есебінен көптеп толықтырылды. Тракторшылар, комбайншылар және басқа жалпы мамандықтағы кадрлар МТС-тердің штатына енеді. Осы мүмкіндіктер мен жағдайларды пайдаланып, МТС-тердің жұмыстарын жаңа талапқа сай жүргізу үшін партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысын барынша күшейту керек.

Бұл мақсатқа жету үшін МТС бастауын партия ұйымдарының шаруашылық жұмысқа басшылығын жақсартып, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролдерін арттыра беруіміз керек. МТС партия ұйымдары колхоз өндірісіндегі еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру, егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін арттыру, әсіресе, картоп пен овощ өндірісін шұғыл өркендету, ғылым мен практиканың табыстарын насихаттау мәселелеріне ерекше назар аударуға тиіс.

СОКП Уставы МТС бастауын партия ұйымдарына кәсіпорны басшылығының жұмысын бақылау правосын берді. Партия ұйымының жыйналыстарында МТС директорларының және басқа басшы қызметкерлерінің есебі тыңдалып, олардың жұмысындағы кездескен кемшіліктерді дереу жөндеу шаралары белгіленіп отыруға тиіс. Бірақ, партия ұйымының бақылауы МТС басшыларының есебін тыңдау-

Қазақстанның тың жерлері астық егуге пайдаланылсын



Е. ТАЙБЕКОВ,

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі



Қазақстанның колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері 1953 жылы егін шығымдылығын арттыруда бірсыпыра табыстарға жетіп, елімізге ондаған миллион пұт астықты өткен жылдағыдан артық берді. Резервтерді пайдалана отырып, Қазақ ССР ауыл шаруашылығының еңбекшілері 1954 жылы астық өндіруді арттыру жолымен ілгері қарай жанадан үлкен қадам баса алады және қадам басуға тиіс. СОКП Орталық Комитетінің септябрь Пленумы астық шаруашылығы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылады, деп көрсетті. Пленум астық шаруашылығын және, әсіресе, өте-өте құнды азық-түлік дақыл — күздік және жаздық бидай өндіруді өркендету керек деп таныды.

Біз Қазір Қазақ ССР-інің облыстары мен аудандарында, колхоздарында, машина-трактор станциялары мен совхоздарында 1954 жылдың өзінде-ақ бидайды және басқа дәнді дақылдарды өндіруді едәуір арттырудың мүмкіндіктері іздестірілуде. Бұл бағытта жүргізілген жұмыс Қазақстанда астық шаруашылығын өркендету үшін пайдаланылмай жатқан мол резервтер бар екендігін көрсетті. Ол резервтер қандай?

Республиканың көп аудандарында, әсіресе Солтүстік-шығыс облыстарда пайдаланылмай жатқан өте көлемді жерлер бар. Алдын ала жүргізілген есеп бойынша, Қазақстанның колхоздарында дәнді дақылдар егуге жарайтын 6 миллион гектардан астам тың жерлер мен көптеп бос жатқан жерлер бар.

Сонғы жылдардың ішінде бірсыпыра аудандарда егін көлемін ұлғайту жөнінде едәуір жұмыс жүргізілгендігін атап айту керек болады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында биылғы жылы дәнді дақылдар егісі 1950 жылғымен салыстырғанда 28,5 процент ұлғайтылды, ал жаздық бидай егісі 128 мың гектар артты. Кейбір басқа облыстар бойынша да осы сыяқты мәліметтер келтіруге болады.

Солай бола тұрса да, жаңа жерлерді игеру қарқыны көзіргі уақытта қанағаттанарлық емес және республиканың қарамағында бар мүмкіндіктерге сай келмейді. Қостанай, Қөкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарында ғана тың жерлер мен көптеп бос жатқан жерлердің көлемі 3 миллион гектардан асады. Тың жерлер мен көптеп бос жатқан жерлерді пайдалану жолымен біздің астық түсімін көп арттыра алатындығымызды фактілер көрсетіп отыр. Кейбір мысалдарды дәлелге келтірейін. Солтүстік Қазақстан облысының Қонохов ауданының «Путь Ленина» колхозында егіннің қоймаға түсетін орта шығымдылығы гектарынан 14,5 центнер болған болса, жанадан игерілген тың жерлерде гектарынан 30 центнерден астық алынды. Колхоз егіске 350 гектар жаңа жерді пайдаланды. Демек, ол бір жылдың ішінде астық түсімін бірнеше мың центнер арттырды.

Көзге түсетін бір жағдай — жаңа жерлерде колхоздар мен совхоздар мол өнімді еңбекті біршама аз жұмсаған жағдайда

шаруашылық жағынан игеру жолында қозғалыс басталды. Мысалы, Преснов ауданының Молотов атындағы артелінде, Ленин ауданының «Булак» және «Мир» артелдерінде колхозшылар 1954 — 1955 жылдардың ішінде 1 мың гектар жаңа жерді игеруге міндеттеме алды. Ленин ауданының Воровский атындағы артелі колхозшыларының жыйналысында астық өндіруге арналған егін көлемін белгіленген жоспардағыдан тыс тың жерлердің есебінен 500 гектар арттыруға қаулы алынды.

Ақтөбе облысының озат колхоздары тартып жатқан жақсы үлгілер көрсетуде. Олар жылдан жылға жаңа жерлерді игеріп, бұл жерлерде егіннің гектарынан 20 центнерден және одан да артық өнім алууда.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Қазақстанның партия ұйымының алдына қатты бидай өндірілуін арттыру міндетін қойды. Тың жерлер мен көптеп бос жатқан жерлерде қатты бидайдың тамаша өнім беретіндігін фактілер көрсетіп отыр. Ақтөбе облысының Степной ауданының «Большевик» колхозында қатты бидай күзде жыртылған тың жерлер мен көптеп бос жатқан жерлерге егілді. Оның шығымдылығы орта есеппен гектарынан 20 центнер, ал жеке егістіктерде 25 центнер және одан да артық болды. Родников ауданының Чкалов атындағы колхозында Живкин жолдасының бригадасы бидайдың гектарынан 23 центнерден өнім алды.

Осыған сүйене отырып, біз қатты бидай егісінің көлемін едәуір арттыру, оны ең алдымен тың жерлерге орналастыру міндетін алға қойып отырмыз. 1954 — 1955 жылдардың ішінде-ақ республиканың колхоздарында қатты бидай егісі 600 мың гектар ұлғайтылмақшы болып белгіленіп отыр, сөйтіп 1955 жылы қатты бидайдың егін көлемі 1 миллион гектарға жеткізілмекші.

Қазақстанның Солтүстік-шығыс облыстарының бәрінде дерлік озат колхоздарда бос жатқан жерлерді игерудің, ол жерлерді дәнді және жемшөпті дақылдарын егу үшін кеңінен пайдаланудың тәжірибесі бар. Осы тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстанның партия және совет ұйымдары тың жерлер мен көптеп бос жатқан жерлерді неғұрлым кең көлемде пайдалана бастауға міндетті.

Қазақстан еңбекшілері 1954 — 1955 жылдардың ішінде тек колхоздарда ғана дәнді дақылдар егісін кемінде 1.300 мың гектар ұлғайтуды нақтылы міндет ретінде алға қойып отыр. Әсіресе, совхоздарда жаңа жерлерді игеру жөнінде үлкен жұмыс жүргізу керек болады. Дем қалалы Қазақстан совхоз өндірісінің ірі базасына айналуға тиіс. Көзіргі совхоздарды кеңейту және жаңа совхоздар ұйымдастыру есе-

трактор және машина-малшаруашылық станциялары бар. Бұлар барлық колхоздардың 95 проценттен артығын қамтыйды, ал егін көлемінің 99,6 проценті және барлық қоғамдық малдың 90 проценттен артығы осы колхоздардың қолында. Машина-трактор станцияларының үздіксіз өсіп отырған жоғары дәрежеде техникалық қарулануы республиканың колхоздарында егін жұмыстарының негізгі түрлерін толық дерлік механикаландыруға мүмкіндік берді.

Бүгін жоқ, республиканың ауыл шаруашылығының техникалық жағынан онан сайын жабықталуы жыл сайын артып отырады. Совет үкметі Қазақстанға мынадай жаңа машиналар жіберуде. Алайда, бірінші дәрежелі мемлекеттік техниканың пайдаланылуы әлі де болса қанағаттанғысыз екенін мойындау керек. Мысалға «С-80» сыяқты күшті тракторлардың пайдалану нәтижесін алайық. 1953 жылдың он айының ішінде республиканың бірде-бір облысында трактордың атқарған жұмысы жоспарда белгіленген дәрежесіне жеткізілген жоқ. Ал республика бойынша тұтас алғанда ол жоспардың 80 проценті ғана болды.

Машина-трактор станцияларының қызметкерлерімен егін көлемін ұлғайту туралы әңгімелескенінде, кейбір жолдастардан мынадай дәлелдерді естисіз: «егін көлемін ұлғайту үшін трактор паркін де ұлғайту керек. Бізге жаңа тракторлар мен тіркеу машиналарын беріңдер», — дейді. Әрине, егін көлемін орасан ұлғайту қосымша техникалық құралдарды керек етеді. Бірақ, кәзіргі техникалық жабықталу дәрежесінде жаңа жерлердің едәуір көлемін игеруге болмайды деп санау теріс болар еді. Біз тіпті кәзіргі трактор паркiмен де егін көлемін көп ұлғайта аламыз. Бірсыпыра МТС-терде тракторлардың техникалық жағынан түзік болмауы себепті және басқа себептер бойынша қарап тұруы 30—40 процентке дейін жететіні жасырын сыр емес. Кейбір аудандарда тіпті бұдан да көп. Егер біз тракторларды егін басында техникалық жағынан жақсы күту есебінен олардың қарап тұруын мейлінше азайтсақ, мұның өзі бір жылдың ішінде трактор паркiнің қуатын 15—20 процент шамасында арттырғандықпен бірдей болады.

Осыдан келіп Қазақстанның партия, совет және ауылшаруашылық органдарының алдында, ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерінің алдында тұрған шұғыл міндет — МТС-тердің жұмысын жақсартуды ныңдай қолға алу міндеті болып табылады. Еңгіме ең алдымен бұларды мамандығы жоғары кадрлармен нығайту туралы болып отыр. Мына жағдайды дұрыс деп тануға болмайды: кәзіргі уақытта біз МТС тракторлары мен жемшөп

машина-трактор станцияларына қайтару жөніндегі жұмыс нашар. Осының салдарынан басқа кәсіпорындарда жұмыс істеп жүргендігі анықталған жеті мың механикатордың өзiрге тек 2,5 мыңы ғана МТС-терде жұмыс істеуге қайтып оралды.

Біздің борышымыз — әрбір МТС-тегі істің жайын егжей-тегжейіне дейін білу, оларды кадрлармен нығайту болып табылады. Сонымен қабат МТС-тер үшін жалпы кадрлар даярлауға айрықша көңіл болу керек. МТС-тердің жұмысын жақсарту — жаңа жерлерді кеңінен игеру және пайдалану жолындағы, астықты және басқа азықтарды өндіруді арттыру жолындағы күресте шешуші шарт.

Қазақстан біздің еліміздің шығысындағы негізгі малшаруашылық базасы болып табылады. СОКП Орталық Комитетінің септябрь Пленумында республиканың партия және совет органдарының жұмысын қатаң сыналды. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советінің қанағаттанғысыз басшылық етуі қанағаттанғысыз. Республикада малдың өнімділігі өте төмен, мал шығыны көп, мал азығы базасының жайы нашар. Кәзіргі уақытта Қазақстанның партия және совет органдары, барлық еңбекшілері мал шаруашылығының артта қалуын жоюға күш жұмсауда.

Жаңа жерлерді игеріп отырып, біз мал шаруашылығын онан сайын өркендетудің және бәрінен бұрын жемшөп базасын нығайтудың мүдделерін есепке алып отыруға тиістіміз. Бидайға арналған егін көлемін едәуір ұлғайтумен қатар малазықтық дақылдар мен шөптерге арналған егін көлемін барынша кеңейтіп отыру керек. Көп колхоздар малды жайылымдарда отарлап бағуды ғана жақтап, тұрақты жемшөп базасын жасауға тиісті қамқорлық істемейтіндігі сыяқты жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды. Алдағы жылдың өзінде-ақ біз шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту жөнінде, атап айтқанда, оларды көктемгі қар суымен суару жөнінде анағұрлым кең көлемде жұмыс жүргізе бастауымыз керек. Сүрленетін дақылдарға, әсіресе күнбағыс пен жүгеріге арналған егін көлемін едәуір арттыру керек болады, бұл дақылдарды шарпы-ұялап егу өдісін қолдану керек болады.

Қазақстанның колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыру міндетін алға қойып отыр. Қазақстанның көп колхоздарында дәнді дақылдардың, әсіресе бидайдың шығымдылығы әлі төмен екенін айту керек. Сонымен қабат, республикада бидайдың шығымдылығын жылдан жылға арттырып, әрбір гектарынан алынатын өнімді 15—20 центнерге жеткізіп отырған колхоздар аз емес. Ал бұл колхоздар барлық басқа колхоздармен бірдей тең жағдайда. Ендеше, бізде егін шығымдылығын едәуір арттыруға мүмкіндіктер толық.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі алдағы жылы ғылымның және озат техниканың

қанда жүргізген саяси-тәрбие жұмысының нәтижесі. Кәзір МТС коммунистері тракторларды қысқа мерзімде, сапалы жөндеудің, мал қыстатуды үлгілі өткізудің инициаторлары болып отыр. Осы сияқты, Байл, Чапаев атындағы МТС партия ұйымдары да станциялардың жұмыстарын жаңа міндеттердің талабына сай құруда біраз табыстарға ие болды.

Алайда, атап айту қажет, көп жерлерде МТС партия ұйымдарының жұмысы партия қойған міндеттер дәрежесінде болмай отыр. Мәселен, Торангүл МТС партия ұйымы (секретары Садықов жолдас) шаруашылық жұмыстың өзекті мәселелерін өзінің назарынан тыс қалдырып келеді. Мұнда партия жыйналысы сирек өтеді. Механизаторлар арасындағы саяси жұмыстың дәрежесі өте төмен. Үгітшілер бәдірстің шешуші участоктерінде болып, МТС қызметкерлері үшін дауыстап газет оқуды, әңгіме өткізуді жеткіліксіз ұйымдастырады. Механизаторлар арасындағы социалистік жарыс формальді жүргізіледі. Міне, сондықтан да МТС-тің ноябрь айының екінші онкүндігінде трактор жөндеудің тоқсандық жоспарын небары 37 процент ғана орындауына таңдануға болмай-

Бұл МТС-тегі жағдайды РКП Октябрь аудандық комитеті білмейді деуге болмайды. Алайда, аудандық партия комитетінің секретары бастаған бір топ қызметкерлер МТС-тегі партиялық-саяси жұмысты жақсарту, соның негізінде шаруашылық міндеттердің ойдағыдай шешілуі жөнінде мардымды ештеңе істей алмай жүр.

Мұндай фактілер некенсаяқ емес. Налобин МТС-нің бүкіл жұмысында партия ұйымының ықпалы жеткіліксіз болып келеді. Соңғы уақытқа дейін партия ұйымы-

мен тынбайды. Партиялық бақылау қабылданған қаулылардың орындауын тексеруді, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін арттыруды, социалистік жарысты нақтылы ұйымдастыруды талап етеді.

Саяси жұмыс — шаруашылық табыстың негізі. Сондықтан партия ұйымдары МТС жұмысшылары мен механизаторларының, ауыл шаруашылығы мамандарының сана-сезімдерін үнемі арттырып, оларды коммунистік рухта тәрбиелеуге тиіс. МТС-тің әрбір қызметкері ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жолындағы күрестің алдыңғы сапында болуы керек екенін жете түсінетін болсын. Бұл үшін бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын барынша пәрменді ұйымдастырып, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын, партия мен үкметіміздің халықтың материалдық және мәдени тұрмысын оған әрі арттыру мақсатына бағытталған қарарларын МТС қызметкерлеріне кеңінен насихаттау қажет.

Кәзір—көктемгі егіске әзірлік пен мал қыстату маусымының жауапты кезеңі. Партия ұйымдары МТС қызметкерлерінің көктемгі егіске әзірлік, әсіресе, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды қысқа мерзімде сапалы жөндеуден өткізу, колхоздарға мал қыстату маусымын үлгілі өткізуге көмектесу күресіне белсене жұмылдыруға тиіс.

Аудандық партия комитетінің секретары бастаған бір топ қызметкерлер МТС партия ұйымдарының жұмысына басшылық пен бақылауды күшейтіп, МТС-тердің колхоз өндірісін жан-жақты өркендетудегі ролін арттыруға міндетті.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына

Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің коллегиясы Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеу жөніндегі шаралардың жоспарын бекітті. Республиканың барлық кинотеатрларының экрандарында Украина жайындағы көркемсуретті және документті фильмдер көрсетіледі. Бұлардың ішінде: «Тарас Шевченко», «Дунайдың арғы жағындағы запорожьелік», «Ұрланған бақыт», «Жас Гердия», «Украина даласында» фильмдері бар. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры «Мазепа» операсын қайта қоя бастайды. Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры мереке күндері Галанның «Таң алдындағы махаббат» пьесасының премьерасын қазақ тілінде көрсетеді.

Шевченко фортындағы Шевченко музейінде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы арнаулы бөлім құрылады. Қазақстанның орталық мемлекеттік музейі Украинаның географиясы, тарихы, экономикасы, ондағы социалистік құрылыс туралы лекциялар циклін ұйымдастырады.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы Қазақстанның мәдениет үйлерінде, клубтарында, оқу үйлерінде, қызыл отауларында, кітапханаларында және басқа мәдени-ағарту мекемелерінде кеңінен атап өтіледі. (ҚазТАГ),

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Хромтау кеншілері шығарған руда тиелген эшелондар Украинаның металлургия заводтарына жіберіледі. Ақтөбенің Киров атындағы химия комбинатының коллективі украин колхоздарына минералдық тыңайтқыштар береді. Ақтөбенің электротехникалық заводу Украинаға медицина жабдықтарын жіберіп тұрады. Облыстың МТС-тері Украинадан қуатты ХТЗ тракторларын және басқа ауылшаруашылық техникасын алады. Ақтөбенің колхозшылары Украинаның егіншілерінен егіс даласында мол өнім өсірудің озат тәжірибесін үйренуде.

Облыстың кітапханадағы көрменің көп бөлімдерінің бірі Ақтөбе облысы мен Украин ССР еңбекшілерінің экономикалық ынтымағы тақырыбына арналған. Мұнда Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызын, Отанымыздың туысқан республикаларының экономикасы мен мәдениетін өркендетуде жеткен табыстарды баяндайтын экспонаттарға үлкен орын берілген.

Облыстың барлық қалаларында, жұмысшы поселкелерінде, ауылдары мен селоларында Украинаның Россиямен қайта қосылуын мерекелеуге әзірлік өрістеді. Насихатшылар ССРО халықтарының достығы туралы лекциялар оқып, баяндамалар жасауда.

алып отырғандығын атап өту керек. Сондықтан алдыңғы қатарлы артельдердің колхозшылары елді пункттерге жақын жерлерді ғана емес, қашықтағы тың жерлер мен көп жылдан бері бос жатқан жерлерді игеруге де ұмтылады. Дағдыда қашықтағы участоктерге керекті мөлшерде колхозшылармен бірге трактор бригадалары жіберіліп, олар егіс жұмыстарын жүргізеді. Полудень ауданының «Прогресс» колхозында Данилов жолдастың трактор бригадасы мен Лукьяненко жолдастың егіс бригадасы быйылғы жылы ауыспалы егіс танаптарынан тыс 68 гектар тың жерді игерді. Бұл жерлерде гектарынан 32 центнерден астық жыйналды.

Озат колхоздардың үлгісі бойынша. Солтүстік Қазақстанның көп артельдері тың жерлер мен көптен бос жатқан жерлерді

Әрбір колхоз, совхозда мал қыстатуды үлгілі өткізейік

«Мал шаруашылығын және ең алдымен қоғамдық мал шаруашылығын негүрлм тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар және кәзіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылады». — дегеннен СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында.

Қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендетіп, оның өнімділігін мейлінше арттыру жөнінде партия алға қойып отырған бұл аса күрделі міндетті ойдағыдай жүзеге асыру колхоздар мен совхоздарда мал қыстатуды үлгілі өткізуге де байланысты. Демек, мал қыстату — мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың жауапты кезеңі.

Облысымызда қыстың ең суық айлары туды. Бұл кез — мал қыстатудың ең жауапты және ең шешуші кезеңі. Бұл күндерде жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоз, МТС басшыларының және барлық мал өсірушілердің күш-жігері мен назары қоғамдық малдың күтімін жақсартып, оның кезінде азықтандырылуына, жатар орнының жылы және таза болуына, сөйтіп, бірде-бір бас малдың шығынға ұшырамай, қыстан күйлі шығуын қамтамасыз етуге аударылуға тиіс.

Жоғарыда айтылған бұл қағидалар аудандар мен МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың басшыларына әбден мәлім. Алайда, бірқатар аудандардың, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары бұл қағиданы яғни өздерінің тікелей міндеттерін көп жағдайларда естен шығарады. Мал қыстату маусымы, әсіресе, Совет және Мамлют аудандарының колхоз, совхоздарында мейлінше қанағаттанғысыз жағдайда өтеді. Бұл аудандардың аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері мал қыстатуға әзірлік, мал қыстатудың алғашқы күндеріндегі кемшіліктер жөнінде талай рет қарарлар қабылдады, «мал қыстатудың барысындағы кемшіліктердің тез арада жойылуын қамтамасыз етеміз» деп, облыстық ұйымдарға талай рет уәде берді. Бірақ, аталған аудандардың кол-

хоздары мен совхоздарында мал қыстатудың барысында ешбір өзгеріс болмай келеді.

Бұл аудандардың басшылары біртектес қарарларды орынсыз көп қабылдаумен әуестеніп, ол қарарлардың іс жүзінде орындалуын тиісті дәрежеде ұйымдастыру мәселесімен жете шұғылданбайды. Мұның ақырында, қабылданған жап-жақсы қарарлар қағаз жүзінде, берген уәде сөз жүзінде қалып қояды.

Шынында, Совет және Мамлют аудандарының колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудағы кемшіліктерді жойып, бұл аса маңызды науқанды үлгілі ұйымдастыруға қажетті мүмкіншіліктер жеткілікті. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін бірер мысал келтірейік. Совет ауданындағы «Новый быт» колхозында мал қыстатудың жайы мейлінше қанағаттанғысыз болып отыр. Мұнда күтімнің нашарлығынан қоғамдық мал басының шығынға ұшырау фактілері де бар. Колхозда ең алдымен малға азық әзірленіп берілмейді. Колхоз басқармасы жемшөпті буландыратын қамба қазуды да ескермеген. Бұл колхозды қамтитын Сартомар МТС-інде үш азық турағыш машина бар. МТС басшыларының колхоздарда малға жемшөпті турап беруді ұйымдастыру жөніндегі өз міндеттеріне жауапсыз қарауы салдарынан бұл машиналар жұмысқа қосылмай, босқа тұр. Егер бұл үш машина жұмысқа толық қосылып, күн сайын олардың өнімді жұмыс істеуі толық қамтамасыз етілген болса, МТС қамтуындағы 4 колхоздың малына жемшөпті турап беруге мүмкіншілік туған болар еді. Амал не, бұл жұмысты ұйымдастыру МТС директоры Макаров жолдастың есіне келмей-ақ жүр.

Егер бұл арада егіннің гектарына кемінде 10 центнерден өнім алатын болсақ, соның өзінде республика астық өндіруді едәуір арттыра алады.

Ал, таудағы екі—үш жыл ішінде Қазақстанда астық өндіруді екі есе ұлғайтуға болады.

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін бәрінен бұрын машина-трактор станцияларының жұмысын жаңа, анағұрлым жоғары дәрежеге көтеру керек. Қазақстанда кәзіргі уақытта 459 машина-

өнім екі—үш жылда совхоздарда бұлай өгісін бірнеше миллион гектар ұлғайтуға болады. Ал тұтас алғанда республика бойынша біздің дәнді, техникалық және мал азықтық дақылдарын егуге 6 миллион гектардан астам жерді қосымша пайдалануға мүмкіндігіміз бар.

Бұл күндерде мал қыстатуды үлгілі өткізудің басты шарттарының бірі — мал фермаларында мал өсірушілердің еңбегін дұрыс ұйымдастырып, олардың малды күтіп, азықтандыруында, қыстаулар жанына шөп тасуда өнімді еңбек істеуін қамтамасыз ету. Бұл — әрбір малшының өз жұмысы үшін жауапкершілігін арттырып, оның қарамағындағы барлық малдың шығынсыз және күйлі өсіруіне жетісу керек деген сөз.

Қашықтағы жемшөпті қыстаулар жанына табып алуды тағу күндерде аяқтау қажет. Бұл үшін шөп тасуға қосымша көлік пен адамдар бөліп, олардың күн сайын өнімді жұмыс істеуіне жетісіп отыру қамтамасыз етілсін.

Қолда бар жемшөпті үнемдеп жұмсап, мал күтімін жақсарту тусу үшін жемшөпті малға әзірлеп беру қажет. Әрбір фермада малға жемшөп туралы, буландырылып берілуіне тиіс. Бұл жұмысты ұйымдастыруда машина-трактор станциялары колхоздарға нақтылы көмек көрсетуге міндетті. Олар жемшөп әзірлейтін машиналарды колхоздарға мүмкіндігінше жеткілікті бөліп, олардың өнімді жұмыс істеуін қадағалап отыруы керек.

Сол сияқты, әрбір малдың күйіне, жанына және басқа жағдайларына қарай азықтандыру рационын белгілеп, ол рационды мұлтіксіз орындап отырудың мал күтімін жақсарту үшін ерекше маңызы бар.

Облыстың кейбір колхоздары мен совхоздарында жемшөпті ұқыпсыз жұмсау және талан-таражға салу фактілері де жоқ емес. Бұл төгісіз жағдай. Қолда бар жемшөпті үнемделіп, ұқыпты жұмсауы және жемшөпті талап-таражға салушы кінәлі адамдар қатаң жазалануы керек.

Мұнымен бірге, мал күтімін жақсартудың негізгі шарттарының бірі — малдың жатар орнын таза және жылы ұстау. Колхоз басқармалары мен совхоз дирекциясы бұл мәселеге күнбе-күн жете назар аударатын болсын.

Ферма менгерушісі — зор тұлға. Мал қыстатудың шығынсыз және үлгілі өткізілуі ферма менгерушісінің іскерлік және ұйымдастырушылық қабілетіне де байланысты. Ол малшылардың күнбе-күнгі еңбегін дұрыс ұйымдастырып, әрбір малдың

табыстарын практикада кең қолдануды белгіледі. Тұқымды тарқатарлы және тоғыспалы әдіспен себуді 1.200 мың гектар жерде жүргізбекші болып белгіледі. 200 мың гектар құнбағыс пен жүгері шаршы-ұялап егу тәсілімен егіледі.

Барлық жерде бірдей қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жөнінде жұмыс жүргізу қажет. Тыңайтқыштар дайындау жоспарын орындау, қар тоқтату, әрбір дақыл бойынша тұқым құюды тезірек аяқтау және тұқымды себуге әзірлеу — біздің бірінші кезектегі міндеттеріміздің бірі. Қазақстанның егін даласының еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулыларын аб-роймен орындауға бар күшін салады.

Көптеген машина-трактор станцияларында жалпы мамандықтың жоғары дәрежелі мамандығы бар кадрлары ташы. Сонымен қабат бұрынғы механизаторларды

«Правда», 24 декабрь».

Әрдайым жақсы күтімде болуын қадағалап отыруға міндетті.

Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері әрбір колхоз, совхоздағы және әрбір фермадағы мал қыстатудың барысын — малдың күтімі, азықтандырылуы және жатар орны жайын жете зерттеп, бұл салада байқалған кемшіліктерді дереу жолдың шараларын белгілеуге және ол шараларды жүзеге асыруда колхоздар мен совхоздарға нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Бұл күндерде малшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін жете өтеуге, оларды жылы киімдермен жеткілікті қамтамасыз етуге, олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары мен социалистік жарысты кеңінен өрістетуге күнбе-күн назар аудару да — жергілікті партия ұйымдарының төл ісі.

Бізде малдың қысқы күтімін үлгілі ұйымдастырып жүрген, малдан өнімді кәзір де жазғы күндердегідей мол алып жүрген озаттар аз емес. Мәселе — осы озаттардың жұмыс тәжірибелерін терең зерттеп, кең насихаттай білуде.

Колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдары, олардағы үгітшілер мұндай озаттардың жұмыс тәжірибелерін қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарға жазып, өндірістік кеңестер мен жыйналыстарда баяндап, көпшіліктің игілігіне айналдыра білуі тиіс. Колхоз, совхоз үгітшілері өз міндетіне жауапсыз қарайтын кейбір керенау малшылардың қабырға газеттерінде, жауынгерлік листоктарда қаты сыналуына жетісіп, жұмыста байқалған кемшіліктердің тез жойылуын қамтамасыз етіп отыратын болсын. Социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырып, жарыс қорытындысын кезінде шығарып отыру да — партия ұйымдарының басты міндеттерінің бірі.

Мал қыстатудың ең жауапты және шешуші кезеңі туды. Қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендетіп, оның өнімділігін мейлінше арттыру күресінің жауапты кезеңі — мал қыстатуды әрбір колхоз, совхозда үлгілі өткізу жолына барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырып!

1954 жылдың ауылшаруашылық салығы

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы қабылдаған ауылшаруашылық салығы туралы Заң Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету және колхозшы шаруалардың кірісін онан әрі өсіру үшін жасап отырған қамқорлығының айғағы болып табылады. Бұл Заң бойынша колхозшы шаруалардан, еңбекшілерден салық жыйнау негізінен өзгерді. Тек Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ауылшаруашылық салығының жалпы сомасы 50,4 процент кеміді.

Ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заңның қабылданғанына небары 4 айдан аз-ақ артық уақыт өтті. Кәзір колхозшылар өз малдарының 1953 жылғы туған төлдерін өсіріп, жаңадан мал сатып алуда. Колхозшылардың меншігіндегі малдардың саны бұрынғыдан әлде қайда артты.

Жаңа Заң бойынша ауылшаруашылық салығы жеке шаруашылықтың пайдалануындағы жерлердің көлеміне байланысты есептеледі. Жер көлемін есепке алғанда құрылыстар тұрған жерлер, жол, ағаштар, сайлар есептен шығарылып тасталады. Сол сияқты, орамнан тысқары жердегі мал жайылымдарына қандай жағдайда болса да салық салынбайды.

Ауылшаруашылық салығы шаруалардың өз пайдалануындағы бір гектар жердің жүзден бір бөлегіне тағайындалған белгілі баға бойынша есептеледі. Бұл белгілі баға біздің облыстың жеке аудандары үшін мына мөлшерде белгіленген: Булаев, Қонжықов, Ленин, Октябрь, Преснов, Совет аудандары үшін бір гектар жердің жүзден бір бөлегіне 4 сом 40 тыйыннан, ал қалған аудандар үшін 6 сомнан. Бұл жағдай әрбір колхозшының өзіне қаншалықты ауылшаруашылық салығы түсетіндігін күнібұрын біліп отыруына мүмкіншілік береді.

Ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заң бойынша малдары жоқ шаруаларға жеңілдіктер жасалады. Мәселен, 1953 жылы мұндай шаруаларға есептелген салықтың 50 проценті жеңілдетілді, ал 1954 жылы 30 процент мөлшерінде кемітіледі. 1955 жылдан бастап оларға салық жалпы тәртіп бойынша салынатын болады.

Жаңа Заң колхоздардағы негізгі күш—қоғамдық шаруашылық екендігін көрсете келіп, колхозшылардың жеке мүдделері жалпы колхоз мүддесімен тығыз ұштасуы қажеттілігіне негізделген. Семья мүшелерінің бірі ешбір сепсіз белгіленген мөлшерде еңбеккүн таппаған болса, ол шаруашылыққа салық 50 процент мөлшерінде өсіріле салынатындығы, міне, осыны көрсетеді. Сол сияқты, семьяның еңбекке жарамды мүшесі не колхозда мүше болмаса, не колхоздан шығып кетіп, еш жерде жұмыс істемейтін болса, ол шаруашылыққа салынатын салық 75 процент мөлшерінде өсірілетіндігі де бұл Заңда қарастырылған. Колхоздан кеткен (не шығарылған) шаруашылық сол жылдың өзінде жеке меншікті шаруалармен бірдей салық

1954 жылдың ауылшаруашылық салығын есептеу барлық жерде 1 январьдан бастап қолға алынуға тиіс. Ауылшаруашылық салығын төлеушілердің есебін уақыттық салық инспекторлары селолық және ауылдық Советтердің шаруашылық кітаптарындағы 1 январьдағы есебі негізінде жүргізеді.

Салық төлеушілердің тізімін алу және ауылшаруашылық салығын есептеудің 1953 жылғы тәжірибелері селолық және ауылдық Советтердің шаруашылық кітаптарында көптеген кемшіліктердің барлығын және көптеген колхоздардың жер көлемін есепке алу кітаптарының дұрыс жүргізілмейтінін көрсетті. Мәселен, Соколов ауданы, «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінде 201 колхозшы үйі бар. Бірақ, колхоздың есеп кітабында 181 ғана үй бар деп жазылған. Сол сияқты, көптеген колхоздар жұмысшылар мен қызметкерлерге және колхозға мүше емес басқа да адамдарға бөлініп берілген жерлерді нақтылы есепке алып отырмайды.


Жергілікті Советтер мен финанстары ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заңды еңбекшілерге түсіндіруде үгіт-бұқаралық жұмыстарын өте нашар жүргізіп отыр. Бұл жағдай еңбекшілердің жаңа Заңды нақты түсінбей, кей реттерде жоғарғы орындарға орынсыз арыздар жазуына әкеп соғуда.

Еңбекшілердің арыздарына құлақ қойып отыру—әрбір финанстарының қасиетті борышы. Бірақ, көптеген финанстары бұл мәселеге жеткілікті назар аудармайды. Бұған жыл бойы облысымыздағы финанстарының түскен 225 арыздың теккәна 44-нің қанағаттандырылуы толық дәлел. Ал, Полудень ауданындағы финанстары бөліміне түскен 39 арыздың небары 7-і ғана қанағаттандырылған.

Ауылшаруашылық салығын дерекзінде және дұрыс есептеу мемлекеттік зор маңызы бар іс. Өйткені, бұл жағдай салықты дерекзінде жыйналуында, жеңілдік берілуіне тиіс шаруаларға салықты дұрыс есептеуде зор рөл атқарады. Сондықтан да жергілікті Советтер, финанстары қызметкерлері орталық санақ басқармасының жергілікті органдарымен бірлесе отырып, жергілікті Советтердің шаруашылық кітаптарын, колхоздардың жерді есепке алу кітаптарын тағы да бір рет тексеріп өтулері қажет.

Сол сияқты, колхоз басқармалары 15 январьдан кешіктірмей 1953 жылғы белгіленген еңбеккүн минимумын таппаған колхозшылар шаруашылықтарының тізімін аудандық финанстары түсірулері керек, бұл тізімдер колхозшылардың жалпы жыйналысында бекітілген болуы тиіс.

1954 жылдың ауылшаруашылық салықтарын төлеу өткен жылдардағыдан өзгеше, мына тәртіппен жүргізіледі. Салық төлеушілер салықтың жалпы сомасының 1 мартқа дейін 20 процентін, 1 июньге дейін 20 процентін, 1 сентябрьге дейін 30 процентін, ал 1 ноябрьге дейін 30 процентін төлейді.



★
№ 20 Петропавл қолөнер училищесі столға орнатылатын 15 бұрғылау станоктарын жасауға заказ қабылдады. Кәзірдің өзінде училище оқушыларға бір станок жасап шығарды.

СУРЕТТЕ: станокті құрастырудың мастері комсомолец Виктор Черепанов жолдастың (оң жақта) станок үлгісін училищенің оқушылары В. Ефремовке, В. Алексахинге және Н. Глазковқа көрсетіп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Көп балалы аналарды наградтау

Жуырда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августтағы Указына сәйкес ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан көп балалы аналарды ордендермен және медальдармен наградтады.

Біздің облысымыз бойынша, 9 бала ташқан және тәрбиелеп өсірген 5 ана І-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды. Олардың ішінде Соколов ауданындағы Калинин атындағы колхоздың колхозшысы Айтула Вахабова, Мамлют ауданындағы Белов селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел Варвара Федоровна Шанаурина, Ленин ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшысы Татьяна Леонтьевна Зенкова және басқалары бар.

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың мүшесі Матрена Александровна Конопля, осы аудандағы Преснов поселкелік Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел Анфиза Исаковна Гольшева, Соколов ауданындағы «Победа» колхозының мүшесі Мария Иосифовна Домбровская және басқалары —барлығы 8 ана ІІ-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды.

Сол сияқты, ІІІ-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен 21 ана, І-дәрежелі «Ана медалі» медалімен 35 ана, ІІ-дәрежелі «Ана медалі» медалімен 75 ана наградталды.

Аудандық кітапханаларға көмек

Партияның XIX съезі селоларда мәдени-үгіт жұмыстарын онан әрі өрістету міндеттерін қойған болатын. Соған байланысты облыстық кітапхана қызметкерлері ауыл-селолық және аудандық кітапханалардың ауыл шаруашышылығы еңбекшілерінің өскелең тілегіне сай жұмыс істеуіне әрдайым көмек көрсетіп келеді. Мәселен, облыстық кітапхананың көшпелі кітапханасы жоспарлы түрде үнемі аудандарға барып, тұрады.

Көшпелі кітапхана быйылғы жылы 29

СПОРТ

Конькимен жүгіру жарыстары

Жуырда «Динамо» стадионында жас еспірімдердің конькимен жүгіру жөніндегі облыстық жарысы болып өтті. Бұл жарыс 1954 жылдың 5—8 январында Петропавлда өткізілген Қазақ ССР бойынша бірінші орынға ие болу үшін ерікті спорт қоғамының жас конькишісі Мартыновский 500 және 1500 метрлік қашықтықты бірыңғай спорттық классификацияның жасөспірімдер разряды үшін тағайындалған уақыт ішінде жүріп өтті.

Берлинде Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы

8 декабрьде ССР Одағы Сыртқы Істер Министрлігі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселе жөнінде Совет Үкметінің 26 ноябрьдегі нотасына жауап ретінде Франция, Англия және АҚШ үкметтерінен бірдей ноталар алды. 26 декабрьде ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Францияның, Англияның және

Франция Үкметінің 1953 жылғы 8 декабрьдегі НОТАСЫ

Францияның Елшілігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігін өзінің кәдірлейтіндігін сыйпаттайды және мынаны құрметпен хабар етеді:

Совет Үкметінің 26 ноябрьдегі нотасына сәйкес, Францияның, Біріккен Корольдіктің, Құрама Штаттардың және Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне қатынасуға Совет Үкметінің енді әзір екендігін атап өтуге Франция үкметі бақытты. Францияның үкметі бұл кеңес еркіндік жағдайларында Германияны біріктіру ісін жүргізуге және Австриямен мемлекеттік договорын жасауға мүмкіндік береді деп үміттенеді.

Өте-мөте шұғыл болып отырған Германия және Австрия мәселелерін реттеудің үшін мәнісінде ілгері басушылық басқа үлкен халықаралық мәселелерді, соның ішінде Европаның хауіпсіздігі мәселесін шешуге қолқабыс ететіндігіне Франция үкметінің көзі жетіп отыр. Осымен бай-

Совет Үкметінің 1953 жылғы 26 декабрьдегі НОТАСЫ

Совет Үкметінің быйылғы жылғы 26 ноябрьдегі нотасына жауап болып табылатын Франция үкметінің 8 декабрьдегі нотасын алғандығын Совет Үкметі қуаттайды.

Совет Үкметі Францияның, ССРОның, Англияның, АҚШ-тың Берлинде Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруға Франция үкметінің ризалық білдіруін еске алады.

ССРО Үкметі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселе жөнінде өзінің бұрын баяндаған позициясын қуаттайды. ССРО Үкметі бұл кеңестің маңызын кеңеске қатынасушылардың бәрінің тиісті дәрежеде ұмытылушылығы болған жағдайда, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге жету мүмкіндігімен және европалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету, герман милитаризмінің қайта туу хауіпін жою керектігімен байланыстыра қарайды.

Қытай Халық Республикасының қатынасуымен бес мемлекеттің кеңесін шақы-

ланысты, Франция үкметі мынаны тағы да байымдайды: Атлантика Одағының еркін елдерінің ерікті бірлестігін, әртүрлі европалық мемлекеттердің олардың (онан) жапы эл-ауқатын күшейту және олардың жалпы хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі саясатының да таза қорғаныс сыйпаты бар және бейбітшілік ісіне коллектив болып қосқан үлес болып табылады.

ССРО Үкметі бес мемлекеттің конференциясын шақыру мүмкіндігін талқылауға тілек білдірді. Төрт сыртқы істер министрлінің көзделіп отырған кеңесі оған қатынасушы әрбір үкметтің бұл мәселе жөнінде өзінің көзқарасын баяндауына мүмкіндік береді.

Францияның үкметі, Германия федерациялық үкметімен және Берлиннің Германия өкмет орындарымен кеңескеннен кейін, төрт Сыртқы істер министрлінің кеңесі 1954 жылғы 4 январьда Берлинде одақтастардың Бақылау Советі пайдаланып келген үйде шақырылуын ұсынады.

ру туралы мәселені талқылауға Франция үкметінің ризалығын Совет Үкметі атап көрсетеді, өйткені, бес мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің кеңесі толғаны жеткен халықаралық мәселелерді реттеуге, әрине, анағұрлым көп дәрежеде қолқабыс ете алады.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне тиісті дәрежеде әзірлену керектігін, сол сияқты, барлық үкметтер үшін бұл кеңеске қатынасудың тиісті жағдайларын қамтамасыз етудің маңыздылығын еске ала отырып, Совет Үкметі мұндай кеңесті шақыруға неғұрлым лайықты күн 1954 жылдың 25 январы немесе қандай да болса келесі күн деп санайды.

Жоғарыда айтылған кеңес өтуге тиісті үйдің жайына келетін болсақ, бұл мәселені төрт мемлекеттің Берлиндегі Жоғары комиссарлары өкілдерінің арасында келісім бойынша шешу қолайлы болар еді.

Совет Үкметі дәл осындай ноталарды Англия мен АҚШ үкметтеріне жолдады.

Жапон әйелдері бейбітшілік үшін, қайта қарулануға қарсы күресте

төлемін болады.

Сонымен бірге, ауылшаруашылық салығы селолық жерлерде пайдалануында жерлері бар жұмысшы, қызметші және кооператив, кәсіпшілік артельдерінің мүшелеріне де салынады.

Жеке меншікті шаруаларға салық жаңа Заң бойынша 100 процент мөлшерінде өсіріліп салынады.

ЖАСТАР ҮШІН

КЛЖО облыстық комитетінің лекторлар тобы облысымыздың қолхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы жөнінде, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу туралы және басқа тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасауда.

Лекторлар тобының құрамында 25 адам бар. Олар — партия, комсомол қызметкерлері, мұғалімдер және басқа түрлі мамандықтың өкілдері. Быйыл лекторлар тобының күшімен 265 лекция оқылды. Сол сыяқты, КЛЖО қалалық және ау-

дылшаруашылық салығы мөлшерінің жартылай кемітілуі, сол сыяқты, салық жыйнау тәртібінің өзгертілуі еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттырып, олардың белгіленген салықты дерезінде өтеуіне толық мүмкіншілік береді.

Ф. ПЕТРОВ,

Облыстық финансы бөлімінің меңгерушісі.

дандық комитеттерінің жанындағы баяндамашылар тобының күшімен 700-ден астам баяндамалар жасалды.

Лекторлар тобы облысымыздың қолхоздары мен МТС-терінің комсомол ұйымдарына дайын лекциялардың текстерін, лекцияға керекті материалдарды да үзбей жіберіп тұрады. Соңғы күндерде село комсомол ұйымдарына «Совет адамның моральдық бейнесі», «И. Көрчагин және А. Мересьев — нағыз совет адамдары», «БЛЖО-ның 35 жылдығы» және басқа тақырыптарда лекциялар мен баяндамалардың текстері жіберілді.

Зоналық жарысқа дағындық есебінде өткізілді.

Жарысқа «Динамо», «Авангард», «Спартак» ерікті спорт қоғамдарынан, Петропавл станциясы № 44 орта мектебінен тағы басқаларынан 50 конькиші жасөспірімдер қатысты.

500 метрге конькимен жүгіруде қыздардан «Авангард» ерікті спорт қоғамының спортшысы Эленд айтарлықтай табысқа жетті. Ол бұл қашықтықты 1,05 минут ішінде жүгіріп өтті. Ал, ерлер арасында «Спартак»

Шаңғышылар

Өткен демалыс күні қаладағы Ушинский атындағы мұғалімдер институты шаңғышыларының жарысы болды.

Жарыста ерлер арасындағы 10 километрлік қашықтықты шаңғымен жүріп өтуде II курс студенті П. Чусовитин бірінші орынға ие болды. Ол бұл қашықтықты 41 минут ішінде жүріп өтті. Осы қашықтықты 41,25 минутте жүріп өткен студент М. Прохач екінші орынды, 41,54 минутте жүріп өткен А. Вейсе-

Екі күнге созылған жарыс нәтижесінде қыздардан бірінші орынға Казачек («Спартак») ие болды. Ал, ерлерден бұл орынды Қазақ ССР-нің 1953 жылғы рекордшысы Трошин жеңіп алды.

Жарыста «Авангард» командасы бірінші орынға, «Динамо» — екінші, «Спартак» — үшінші орынға ие болды. Сөйтіп, 12 конькиші жасөспірімдер жарысына норма тапсырды.

Н. ДАНИЛОВ,

Жарыстың бас төрешісінің орынбасары.

кеев үшінші орынды жеңіп алды.

Қыздар арасындағы бес километрлік жарыста бірінші орынды А. Волкова алды.

Шаңғышылар жарысында озып шыққан 10 студент қысқы каникул кезінде Щучьедегі демалыс үйіне барып, студенттердің республикалық жарысына қатысады.

Т. БЕКТУРОВ.

ФЕЛЬЕТОН

Таймолдин бастайды, Тоқтыбаев қостайды...

Темірді тот шірітсе, адамды өтірік пен көзбояушылық шірітеді. Өтірік пен көзбояушылық — ескі дүниеден қалған өте жексұрын мінездер. Адалдық пен шындықты күндей білмейтін, өзіне тапсырылған жұмыстан білім-қабілеті, ой-өрісі төмен, басшы болуды — бұйрық, айғай деп түсініп, барлық жақсылық пен барлық байлықты жасайтын халық бұқарасының бойындағы күшті танымайтын кейбір адамдар өтіріктің біріншісі, екіншісін жетелеп, үшінші-төртіншілерін қосалқылыққа ала жүреді. Оларды жалған айтып тұр деп күдіктену де қиын. Өйткені, олар іш-бауырыңыздан өтіп кеткендей — сыпайы кінәді, жылмайып күледі, жылмындап сөйлейді.

Колхозда көктемгі егіс 90 процент болды-ақ, олардан аудан, облысқа; «егіс аяқталды, бітім егінің негізі қаланды» деген хабарлар мен телеграммалар келіп жатады.

— Сіздің колхозда шөп шабу қарқыны өте қанағаттанғысыз. Колхоз малын апатқа ұшыратқалы отырсыз, — дегеннен өлердей қорқатын көзбояушы ауданға 3 мың гектардың орнына, 4 мың, 10 мың центнердің орнына 15.000 центнер шөп жыйналды деп жалған мәліметті үсті-үстіне төпелеп жөнелтіп жатады.

— Тексеріс келіп қалса қайтеміз? — дейтін кісі болса, көзбояушы:

— Колхозға председатель — мен, жауабын өзім беремін. Колхоз жерінде шөп

бар ма? Бар шөп бүгін шабылмаса, ертең, июльде шабылмаса, август, сентябрь айларында шабылады. Жаз, менің айтқанымды! 12 мың дедің не, 15 мың центнер дедің не, бәрібір. Айырмашылығы 3-ақ мың центнер. Тексеріс болмасын де, тексеріс бола қалса, онан да зорына шыдайсың, — дейді көзбояушы ширап.

Сондай көзбояушының бірі — Неган Таймолдин. Ол Ленин ауданының «Орталық» колхозының председателі.

Таймолдиннің аузынан: «пәлен мың гектар егін еттік», «пәлен мың гектар шөп шаптық» деген сөздер шықса-ақ, көпшілік: «тексерейік, анықтайық, өлшейік» дейді. Бірақ, Неган өзін тексерістен тайқақсып, өтірігін кемітіп тұрған жоқ. Кейбір көзбояушылар өтірікті маусым сайын бір-бірілеп айтса, Таймолдин күн сайын, сағат сайын айтады, өтіріктің «қарқынын» кемітпей айтады. Сондықтан «Орталық» колхозының мүшелері мен Ленин ауданындағы жолдастар Таймолдин сөздеріндегі жалған мен ақый қат арасындағы жіктен айырылып қалып, аңтарылууда.

Таймолдин быйыл колхоз 18950 центнер шөп шапты деп мәлімет берген еді. Тексеріс 5 мың центнер шөптің артық берілгендігін анықтады.

— 5 мың центнер мәліметке орынсыз берілмеген. Мал қораларының төбесін жабуға көп шөп кетті, қырманның үстін жаптық... Біраз шабылған шөп жыйнал-

май, атжалда қалды, — дейді ол.

— Мал ма? мал күйлі. Жемшөп мол. Қора жылы, — деп сыпыртады Неган. Ал, анығы Орталық бригадасындағы сыйыр фермасының қорасы лас, сыйырлардың асты сыз, қондары төмен. Жақында ғана 14 торпақ шығын болды.

— Тұқымды сұрайсыз ба? Тұқым — саяси мәселе ғой. Таза, шығымды тұқым — мол өнімнің негізі ғой. Тұқым толық құйылған. Тазалап жатырмыз. Тіпті тазаланып та бітуге жуық, — дейді Таймолдин. Қыл-қызыл маржандай болып тазартылған тұқымдық бидай мен оны елеп, екшеп, беттері қызара бөгіп, жұмыс істеп жүрген колхозшылар көз алдыңызға елестейді де Таймолдин жолдасқа тұқым тазалап жатқан жерге баруға тілек білдіресіз.

— Осы маңайдан кілтшіні көре алмай отырғаным, — дейді Таймолдин бірдемеден тайқақсығандай дауысы дірілдеңкірей сөйлеп. Ақыры кілтшіні шақыртып, тұқымдық пен жай астықты көру үшін ауылды шыр айналдық. Байқасақ, бұл колхоздың астығы әр көшеде, әр колхозшының сарайы мен мал қораларында сақталады екен.

— Бұл — Қали Сарықовтың сарайы. 150 центнер астықты осында үйдік. Екінші көше, екінші үйге келдік.

Бұл — есепшінің көмекшісі — Бексұлтан Жақыповтың үйі, — деп таныстырды Таймолдин, астық үйілген екінші бір қораның ішіне кіріп. Бидай қораның екі бұрышына үйілген. Торпақты қызыл сыйыр шірік бидайды еркін күйсеп, аяқтарымен талтап, шашып жүр.

— Бұл қорада қанша астық бар? — 112 центнер.

Үшінші көшеге, үшінші үйге келе жатырмыз.

Шанадан түсіп, тағы бір қораға кірдік.

— Бұл — Қали Бейсенбаевтың үйі. Рыжикті үйетін осыдан басқа сенімді орын таба алмадық. Мұнда 50 центнер, — дейді оң сұрланған Таймолдин. — Енді бір 50 центнер Сімтіков дегеннің қорасында жатыр.

Бұрын колхоз машиналарына гараж болған балшық сарайдағы 250 центнер бидай, кеңсеңің жанындағы есік пен терезелеріне көлденең ағаш пен сынық тақтайлар шегеленген сарайдағы 240 центнер тұқым, колхоздың ағаш қоймасындағы 290 центнер арпа иістеніп, шіріп кеткен, шірік 100 центнер астық мектеп күтушісінің қорасында, 300 центнер астық ашық далада, қар астында жатыр.

Мұндай жағдайда колхоз партия ұйымы және оның секретары Тоқтыбаев жолдас не істеп отыр деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Бұл сұраққа жауап: көзбояушы Таймолдин не десе, неге бастаса, Тоқтыбаев жолдас үндемей, соны қостай береді. Өйткені, Тоқтыбаевтың өз қолы да таза емес. Жуырда колхоз қырманынан артылып, Тоқтыбаев жолдасының үйіне апарыла жатқан 10 центнер астықты ауыл адамдары ұстап алған.

Көзбояушы Таймолдиннің басшылыққа икемсіз адам екенін аудан басшылары біле ме? Білгенде қандай. Таймолдин туралы сөз қозғасаң, Ленин ауданының кез келген партия, совет, шаруашылық басшысы күліп жібереді.

— Неге күлесіз?

— Таймолдинге күлемін. Айтқаны өтірік, ауданға беретін мәліметтері жалған, нағыз көзбояушы. Айтудай айтылды, ескертудей ескерілді. Ақыры айта-айта, ескерте-ескерте өзіміз де қажыдық, — дейді аудан басшылары.

Ә. ӘДІЛОВ.

ПЕКИН, 26 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлады: Токиодан алынған хабарларға қарағанда, осы айдың бас кезінде онда жапон әйелдерінің конгресі болған, конгресте әйелдердің қайта қарулануға қарсы, бейбітшілік үшін күрестегі бірлігі мәселесіне басты назар аударылған.

Конгресте 1200 әйел қатысқан. Әйелдер ұйымдары ассоциациясының председателі Р. Хирэцука конгресті аша келіп, елдің әйелдерін бейбітшілік үшін күрестегі бірлікке шақырған. Мұнсыз деп мәлімдеген ол, әйелдердің азат етілуі мүмкін емес.

«Егер жапон әйелдері Иосида үкметі жүргізіп отырған қайта қаруландыруға және милитаризмді қайта тудыруға ке-

дергі жасай алмаса, — делінген конгресте қабылдаған декларацияда, — бейбітшілік, әйелдердің бостандығы мен праволары қамтамасыз етілмейді. Жапон әйелдері конституция берген өз праволарын қорғап қалуға, феодализм қалдықтарына қарсы күресуге, конституцияны қорғауға, қайта қарулануға қарсы шығуға және барлық елдердің әйелдерімен бірге бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күресуге тиіс».

Конгресте қатысушы әйелдер әйелдердің Копенгагенде болған Бүкіл дүниежүзілік конгресі туралы, Жапонияның түрлі аудандардағы әйелдер қозғалысын өрістетуге туралы, балаларды және әйелдердің праволарын қорғау туралы баяндамалар тындады.

Франциядағы ереуіл күресі

ПАРИЖ, 26 декабрь. (СОТА). Францияда почта қызметкерлерінің бұдан бірнеше күн бұрын жаппай еңбек федерациясының кәсіподақтар автономиясы федерациясының шақыруы бойынша бұдан бірнеше күн бұрын басталған ереуілі әлі жүріп жатыр. Бұдан бұрын хабар етілгеніндей, ереуіл жасаушылар материалдық жағдайды жақсартылуын талап етуде. Алғашқы ереуілге вокзалдардағы почта қызметкерлері ғана қатысты, алайда, газеттердің хабарына қарағанда, кейінен ереуіл телеграф қызметкерлерін де қамтыған.

Париждың көптеген вокзалдарында іріктелмей және жөнелтілмей жатқан хат-хабарлар көптеп жыйналған. Мәселен, Париждың солтүстік вокзалында көзірдің өзінде хат-хабарлар салынған 32 қап жөнелтілмей жатыр.

Кеше почта қызметкерлерінің ереуіл

комитеттері өкілдерінің жыйналысы болған. Онда өкімшілік орындарының еңбекшілер талабын қанағаттандырудан бастартып отырғанына байланысты ереуілді онан әрі жүргізе беру жөнінде қарар қабылданған. Сол сыяқты, жыйналыс «Форс Уврнер» кәсіподақ бірлестігіне кіретін почта қызметкерлері федерациясымен оның ереуілге қосылуы жайында келіссөздер жүргізу үшін делегация бөлген.

Францияның азаматтық аэродромдары қызметкерлерінің ереуілі әлі де жүріп жатыр. Азаматтық авиация қызметкерлері кәсіподақ бірлестігінің басшылығы баспасөз конференциясында «мемлекеттік өкмет орындары авиация қызметкерлерінің талабын еске алғанға дейін өздерінің ереуіл жүргізе беруге бел байлап отырғандығын» тағы да мәлімдеген.

Пакистанға американдық «көмек»

КАРАЧИ, 26 декабрь. (СОТА). «Имроз» газеті тілшісінің хабарына қарағанда, АҚШ үкметі америкалық тех-

никалық көмек программасы негізінде 1954 жылы Пакистанға 20 миллион доллар беру жөнінде қарар қабылдаған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 6-8, 20-10, 40-те

басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АРШИН МАЛ АЛАН»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10-да басталады.

Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 5-үйде тұрушы Иван Прокопьевич Белоглазов Шығыс Қазақстан облысы, Киров ауданы, Белоусовка поселкесінде, Ленин көшесі, 74-үйдің 3-бөлмесінде тұратын Тамара Лукинична Сергеевнаның Михайловна Белоглазовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Киров көшесі, 57-үйдің 6-бөлмесінде тұрушы Иван Александрович Сергеев Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 74-үйдің 3-бөлмесінде тұратын Тамара Лукинична Сергеевнаның Михайловна Белоглазовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.